

Ш.Б. Хожанов*

Фил. ғ.д., профессор, Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс, Қарақалпақстан

*Корреспондент авторы: x_sharapatdiyn@karsu.uz

ТІЛ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АНТОНИМИЯНЫҢ ОРНЫ

Түйін

Мақалада антонимия құбылысы тілдің әртүрлі деңгейлерінде (фонетика-фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық) зерттеледі. Антонимияның негізгі теориялық аспектілері, оның логикалық, лингвистикалық және психологиялық негіздері талданады. Фердинанд де Соссюр, Н. Трубецкой сияқты лингвист ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тілдік бірліктердің оппозициялық қатынастары мен қарама-қарсылықтары ашылады. Антонимдердің пайда болуы, олардың семантикалық құрылымы, мәтіндегі қызметі және контексттегі мағыналық рөлі зерттеледі. Сонымен қатар, антонимияның адам санасындағы қалыптасуы, экстралингвистикалық факторлардың әсері және тілдік универсалиялар ретіндегі орны қарастырылады. Мақала антонимияны кеңінен түсінуге және оны тіл білімінің әртүрлі салаларында қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеуде синхрониялық және диахрониялық талдау, фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік және лексика-семантикалық әдістер қолданылған. Антонимиялық оппозициялардың мәтіндегі рөлі мен маңызы ашық көрсетілген. Бұл зерттеуде қарақалпақ жазушылары мен ақындарының шығармаларынан алынған мысалдар арқылы антонимия құбылысы талданады. Мақалада қарақалпақ әдебиетіндегі антонимдердің пайда болуы, олардың семантикалық құрылымы және мәтіндегі қызметі зерттеледі. Шығармалардағы қарама-қарсы мағыналы сөздердің қолданылуы, олардың эмоционалды-экспрессивті әсері және ойды өткірлеудегі рөлі ашық көрсетілген.

Кілттік сөздер: антонимия, тілдік оппозиция, семантика, лексика, морфология, синтаксис, фонология, логикалық қатынастар.

Кіріспе

Антонимияның негізін құрайтын қарама-қарсылық көп аспектілі құбылыс. Ол әртүрлі – философия, логика, психология ғылымдарында да зерттеледі. Сонымен бірге антонимия – тілдің көрінісінің бір түрі болып табылады. Тілдегі антонимияның табиғатын анықтау үшін антонимияның экстралингвистикалық және жеке тілдік факторларын синтездеу қажет. Антонимия құбылысын зерттеген ғалымдардың пікірінше, көп жағдайда антонимияның негізінде логикадағы контрарлық және контрадикторлық қатынас түсінігі жатады, психологиядағы амбиваленттік, яғни контраст бойынша түсініктердің ассоциациясы жатады. Себебі антонимия адамзаттың ойлау заңдылықтарымен байланысты. Бұл туралы орыс лингвисті Л.А.Новиков былай дейді: «Антонимия нақты тіл жүйесінде пайда болады. Себебі ол жеке лингвистикалық проблема ретінде көрінеді. Антонимияны тілдің лексика-семантикалық сатысындағы ең маңызды лингвистикалық әмбебап деп санауға болады» [1].

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада антонимия құбылысын кеңінен зерттеу үшін лингвистикалық, логикалық, психологиялық және семантикалық тәсілдер қолданылған. Бұл әдістер арқылы антонимияның тілдің әртүрлі деңгейлеріндегі көріністері жан-жақты талданып, оның тілдік жүйедегі орны мен рөлі анықталған.

Талқылау мен бақылау. Лингвист ғалымдар антонимия құбылысының тілдің барлық иерархиялық сатыларында да кездесетінін, тілдік бірліктердің оппозициялардан тұратынын көрсеткен. Мысалы, Фердинанд де Соссюр тіл мен сөйлеу қызметін бір-бірінен бөліп қарайды. Синхронияны диахрониядан принципті түрде ажыратады, тілдің жүйелік сипатын көрсетіп, оның құрамына кіретін мүшелердің бір-біріне қарама-қарсы қойылуына негізделетінін көрсетіп, «тіл нақты тілдік бірліктердің бір-біріне толық қарама-қарсы қойылуына негізделген жүйе болып табылады [2]» - деп жазады.

Прага лингвистикалық мектебінің өкілі Н. Трубецкой “Фонология негіздері” еңбегінде фонемалардың оппозициясы мәселесіне ерекше назар аударады. Оған сәйкес, фонетика-фонологиялық деңгейде фонемалардың бір-біріне ұқсастығын немесе айырмашылығын анықтау оларды бір-біріне қарама-қарсы қою әдісі арқылы жүзеге асырылады. Дауысты дыбыстарды дауыссыз дыбыстарға қарама-қарсы қою негізінде олардың айырмашылығы көрсетіледі. Сондай-ақ, жуан дауысты дыбыстар, жіңішке дауысты дыбыстар, тіл алды дауысты дыбыс, тіл арты дауысты дыбыс, ашық дауысты дыбыс, қысаң дауысты дыбыс, еріндік дауысты дыбыс, езулік дауысты дыбыс, үнді дауыссыз дыбыс, үнсіз дауыссыз дыбысқа қарама-қарсы қойылады [3].

Морфологиялық деңгейде сөз таптары – зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, көмекші сөздер және еліктеу мен одағай сөздерде де антонимиялық құбылыстың белгілері болады. Әсіресе, сын есім жасайтын жұрнақтарда бұл құбылыс айқын көрінеді. Сын есім жасаушы -лы//-лі жұрнағы -сыз//-сіз жұрнағына антоним аффикстер. Етістіктің болымсыздық формасы -ма//-ме нөлдік формаға қарама-қарсы, етістіктің шақ категориясында өткен шақ келер шаққа қарсы қойылады. Сан есімдерде «жұп» сөзі «тақ» сөзіне антоним болады. Есімдіктер контексте антонимдік мағынада қолданылады. Синтаксистік деңгейде де антонимиялық құбылыстың көріністерін байқауға болады. Болымды және болымсыз сөйлемдерде, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерде де антонимия құбылысының көріністері кездеседі. Әсіресе мақал-мәтелдер түріндегі құрмалас сөйлемдерде бұл құбылыс жиі кездеседі. «Бар», «жок» предикативтері де мәтінде антонимдік қызмет атқарады. Қарама-қарсы мағыналы салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер ойды өткірлеп, эмоционалды-экспрессивті әсерді күшейту үшін көркем әдеби шығармаларда кеңінен қолданылады.

Антонимия құбылысы лексика-семантикалық қабаттың ең негізгі категорияларының бірі. Әдетте, қарама-қарсы мағыналы сөздер антонимдер деп аталады. Бірақ бұл анықтамада ұғымның толық мәні ашылмаған, антонимияның жалпы теориялық критерийлері толық анықталмаған.

Тіл білімінде антонимия құбылысының мәні туралы әртүрлі көзқарастар бар. Бірінші топтағы ғалымдар сөздер арасындағы антонимиялық қатынасты логикалық категорияларды қолдану негізінде зерттейді. Антонимияны логикалық түсінудің негізінде қарама-қарсы мағыналы ұғымдар жатады. Екінші топтағы ғалымдар антоним сөздердің лингвистикалық ерекшеліктерін анықтауға тырысады. Олар антонимияны тілдік құбылыс ретінде қарастырып, сөздің лексикалық мағынасына негізделеді. Мысалы, В.Н. Комиссаров антонимдердің екі лингвистикалық категориясын көрсетеді: а) контексте антонимдерді үнемі қарама-қарсы қою мүмкіндігі; б) антоним сөздердің лексикалық дистрибуциясының жалпылығы [4]. Я.И.Гельблу антонимдерді тарихи қалыптасқан лексикалық құбылыс ретінде қарап, антонимия ұғымдардың қарама-қарсы қойылуына емес, ал сөздердің лексикалық мағыналарының қарама-қарсы қойылуына негізделеді [5], - деп көрсетеді. В.М.Завьялова антонимдерді анықтауда тек сөздердің семантикалық қарама-қарсы қойылуымен шектелмейді, сонымен қатар сөйлеуде антонимиялық жұптың жиі қолданылуы, синтаксистік конструкциялардың құрамында антонимиялық жұптардың жұмсалуды мәселелерін көрсетеді [6]. Үшінші топтағы ғалымдар антонимияға семантика - түсінік тұрғысынан қарайды. Проблеманы зерттеудегі мұндай тәсіл логикалық және лингвистикалық көзқарастардың ортасынан орын алады.

Антонимия бойынша зерттеулерде антонимдердің құрылымы жөнінде де әр түрлі пікірлер айтылған. Бірінші топтағы ғалымдар антонимдер деп тек әр түрлі түбірлерден жасалған сөздерді таниды [7; 8; 9]. Мысалы, *кең-тар, жақсы-жаман, үлкен-кішкене* және т.б. Басқа ғалымдар (бұл пікірді білдірушілер көпшілікті құрайды) тек әр түрлі түбірлерден жасалып қоймай, бірдей түбірге кері, қарама-қарсы мағына білдіретін аффикс пен префикстердің жалғануы арқылы антонимдердің жасалатынын көрсетеді [10-11].

Тілдегі антонимия құбылысы, антоним сөздер туралы теориялық әдебиеттерді талдау негізінде Е.Н.Миллер антонимдерге мынадай анықтама береді: «Антонимдер –

мағынасы бойынша өзара қарама-қарсы тілдік бірліктер, олар объективті шындықтағы өзара қарама-қарсы құбылыстарды білдіреді» [12]. Антонимдердің негізгі ерекшелігі: антонимдік терістеудің болуы, ұқсастығы бойынша байланысуы және мағынасы бойынша ерекшелену мүмкіндігі, қарама-қарсылықта табиғат пен қоғамдағы қарама-қарсы ұғымдарды бейнелеуі, мәтін құрастырушылық қызмет атқаруы, кіші (базалық), орташа (тұрақты-толқынды), үлкен (тұжырымдамалық аяқталған) антонимияны жасауы, жүйе мен сөйлеудің тұтастығын (мәтінді) қалыптастырады. Антонимиялық қатынас тұтас атау жүйесін қамтиды, яғни антонимділік тілдің ішкі іргелі ерекшелігі болып табылады.

Антонимия тек лексикалық құбылыс болып қана қоймай, жалпы тілдің номинативтік қызметіне тән құбылыс. Сондықтан да ол тілдің әрбір иерархиялық сатыларында өмір сүреді. Тілдің номинативтік қызметі өзінің мағынасы бойынша атауларды тудырады. Терминдер сөз тіркесі түрінде де, тұрақты сөз тіркесі түрінде де болуы мүмкін. Сондықтан антонимдер түбір сөздерге сөзжасам аффикстерінің жалғануы арқылы да, сондай-ақ сөз тіркесін құру арқылы да жасалуы мүмкін. «Антонимиялық қатынас тілдің жекелеген сатыларының ішінде де болуы мүмкін. Сондай-ақ әр түрлі сатыдағы бірліктер арасында да болады» [13].

Адамдардың қарама-қайшылықты субъективті сезінуі әртүрлі экстралингвистикалық факторларға байланысты болады. Л.А.Новикова бұл туралы былай деп жазады: «қарама-қайшылықты сезіну мен қабылдау адамдардың жасы, кәсібі, географиялық, климаттық, әлеуметтік және т.б. тұрмыстық жағдайларымен байланысты болады» [14].

«Аралас географиялық бедерге үйренген адам үшін, - деп жазады автор, - тау мен жазықты қарама-қарсы қою табиғи болып саналады, ал жазықты ешқашан көрмеген таулы адам үшін тау мен жыра, шұңқыр қарама-қарсы болып көрінеді. Дикан үшін егіс пен терім қарама-қарсы мағыналы сөздер болса, астроном үшін – күн мен планеталар антоним болады. *Бүтін* сөзіне әйнек кесуші үшін *сынық* сөзі, кір жуушы үшін *жыртылған* сөзі, басқа шеберлер үшін *сынған*, *ұсақталған* сөзі, суретші, кескіндемеші және сәулетші үшін *фрагмент* сөзі қарама-қарсы сөз болады» [14].

Осылайша, ассоциативті қарама-қайшылық адамдардың санасында қалыптасады. Қарама-қайшылық оппозицияға қатысты анықталады.

Ғалымдар тілдік бірліктер арасындағы оппозицияның (қарсылықтың) негізгі төрт түрі бар екенін көрсетеді:

- 1) эквиполентті (тең дәрежелі) қарсылықтар;
- 2) пропорционалды (сәйкес) қарсылықтар;
- 3) градуалды (бірте-бірте күшейе түсетін) қарсылықтар;
- 4) привативті (толық емес) қарсылықтар.

Эквиполентті, яғни тең дәрежелі қарама-қарсылықта екі тіл бірлігінің өзіндік белгі-ерекшелігі негізінде өзара қарама-қарсы қойылуы, қарама-қарсылығы түсініледі. Мысалы: *қой-қошқар*. Бұл қарама-қарсылықта бір тіл бірлігі ұрғашылық, екіншісі еркектік мағынаға ие.

Пропорционалды (сәйкес) қарама-қарсылықтар дегенде белгілі бір белгі негізінде құрылған қарама-қарсылықтар қатары түсініледі. Мәселен, «*еркектік*» және «*ұрғашылық*» белгісі негізінде өте көп сөздер қарама-қайшылықтар пайда етеді. Мысалы: *қыз-жігіт*, *ер-әйел*, *ата-ана*, *кемпір-шал*, *әпке-аға*, *сиыр-өгіз*, *қораз-тауық*, *бура-інген*, *айғыр-байтал*, *теке-ешкі* және т.б. көптеген қарсылықтар өзара сәйкес.

Градуалды қарсылық кем дегенде үш тіл бірлігінің арасында болады. Бұл бірліктер белгілі бір белгі – ерекшеліктің дәрежесіне – аз-көптігіне байланысты өзара қарама-қарсы қойылады. Мысалы, *нәресте-бала-қыз-жігіт-ер-әйел-кемпір-шал* сөздерінде жасты білдіретін белгі біртіндеп өсіп, градуалды қарсылықты тудырады. Мысалдар, *сыбырла-сөйле-айт-бақыр*; *жаман-жаман емес – жақсы-өте жақсы*; *құлын-құнан-дөнен-ат*; *бұзау-баспақ-тана-өгіз*.

Привативті (толық емес) қарсылықтар басқа қарсылықтардан күрт ерекшеленеді. Мұндай қарсылық екі тіл бірлігі немесе тіл бірліктерінің екі тобы арасында болады. Бұл

бірліктердің бірі тұрақты болады. Мысалы: «қошқар» сөзі әрдайым қойдың тек еркегін білдіреді, ұрғашы қойды білдіре алмайды. Осыған байланысты «қошқар» сөзінің мағынасындағы «еркектік» белгісі тұрақты, еш өзгермейді. Ал, "қой" сөзі болса кейбір жағдайларда «ұрғашылық» мағынасын жоғалтып, еркек қойды (қошқар) білдіре алады. Мысалы, «Құрбандыққа негізінен ешкі емес, қой сойылады» деген сөйлемде «қой» сөзінде жыныс мағынасы жоқ. Құрбандықта негізінен қошқар сойылады, немесе «Базардан қой сатып алдық» деген сөйлемде де жыныс мағынасы жоқ, базардан ешкі емес, қой немесе қошқар сатып алынғанын білдіреді.

Сөйтіп, бұл түрдегі қарсылық привативті (толық емес) қарсылық болады. Себебі оның мүшелерінің бірі әлсіз (белгісіз, бейтарап) болса, екіншісі күшті (белгілі) болады.

Антонимиялық қатынастың тілдегі көрінісі адамзаттың санасы мен ойлауына тікелей байланысты болады. Адам баласы ойлау арқылы өзін қоршаған заттар мен құбылыстардың қасиетін, сапасын бір-бірімен салыстыра отырып, оларды қарама-қарсы қояды. Осылайша қарама-қарсы қойып салыстырудың нәтижесінде антонимиялық байланыс пайда болады.

Осылайша, тілдік қарама-қайшылық логикалық қарама-қайшылық негізінде пайда болады. Дегенмен антонимдік байланыстарды зерттеп жүрген ғалымдардың арасында әртүрлі пікірлер бар. Кейбір ғалымдар оны логикалық тұрғыдан зерттеп, антоним дегеніміз қарама-қарсы ұғымдарды білдіретін сөздер десе, екінші топ ғалымдар оны лингвистикалық тұрғыдан қарастырып, мағыналары қарама-қарсы сөздерді антонимдер деп қарастырады. Б.Исабеков: «Антонимия логикалық ұғыммен тығыз байланыста болғанымен, оны тек логикалық жағынан анықтауға болмайды. Өйткені логикалық ұғымдар тілдік, яғни лексикалық мағына арқылы жүзеге асады. Сондықтан антонимияны лингвистикалық жағынан анықтау керек» [9], - дейді. Біз де осы пікірдің жақтаушысымыз.

Нәтижелер. Қарақалпақ тіліндегі антонимия құбылысы әлемдегі басқа да тілдердегі сияқты бірнеше тәсілдермен пайда болады. Тілдік универсалия құбылысы әлемдегі барлық тілдерде де ойлау арқылы көрініс табады. Ойлаудың адамзат тіліне тән екендігі, ал тіл осы ойлауды әр ұлттық тілде өзінше бейнелеу ерекшелігі қарақалпақ тіліне тән құбылыс болып табылады. Ойлау процесіне тән ұғымдардың тілде жүзеге асуы және тілдің сөзжасамдық ішкі мүмкіндіктері, сондай-ақ басқа тілдерден сөздерді игеру арқылы антонимдер жасалады.

Жоғарыда көрсетілген қағидаларды басшылыққа ала отырып, қарақалпақ тілінде антонимдердің пайда болуының төмендегідей тәсілдерін көрсетуге болады:

1. Бізді қоршаған объективті әлемдегі заттар мен құбылыстар қатынасының адам санасында көрініс табуы нәтижесінде пайда болуы. Бұл тәсіл логикалық ұғымдарға байланысты болады;

2. Сөзжасам нәтижесінде антонимдердің пайда болуы;

3. Басқа тілдерден сөздерді игеру нәтижесінде антонимдердің пайда болуы;

4. Полисемия құбылысы нәтижесінде сөздердің жасалуы.

Антонимдердің пайда болуында бұл төрт фактіні бөліп көрсеткенімізбен, олардың әрқайсысы өз алдына антонимия құбылысын тудырады деген қорытынды шықпайды. Ана немесе мына антонимнің пайда болуында міне осы факторлардың қайсысының ең негізгі екендігіне негізделген жағдайда, бұл пікірді білдіреміз. Айталық, жоғарыда көрсетілген логикалық фактор тілдегі тек антонимдерге ғана қатысты емес, басқа барлық сөздерге қатысты, демек логикалық фактор қалған үш фактормен жасалған антонимдерге де тән болып табылады. Логикалық факторлардың тікелей тілдегі сөздер арқылы көрініс табуы нәтижесінде антонимия құбылысы пайда болады. Бұдан антонимияның пайда болуында тілдік факторлармен қатар экстралингвистикалық факторлар да маңызды қызмет атқаратыны көрініп тұр. Бұл жағдай қарақалпақ тіліне де тән. Себебі сөздердің лексикалық мағынасы бізді қоршаған объективті әлемдегі заттар мен құбылыстардың көрінісі болып табылады. Басқаша айтқанда, сөздің лексикалық мағынасы ұғымға байланысты, сонымен бірге ұғымның өмір сүру формасы болып, ұғым объективті әлемдегі

заттар мен құбылыстардың санамыздағы жалпылануы болып саналады. Сөйтіп, сөздің лексикалық мағынасы объективті дүниедегі заттар мен құбылыстарды бейнелейді. Тілдегі мағыналы сөздер арқылы объективті әлемдегі заттар мен құбылыстар, қоғамдық қатынастың барлық жүйесі, барлық физикалық, психикалық процестер мен жағдайлар көрініс табады. Сондықтан да, лексиканы зерттеуде тілдік құбылысқа ғана байланысты болған сөз мағыналарының қатынасы мен тілге қатысы жоқ объективті әлемді бейнелейтін сөз мағыналарының қатынасының айырмашылығын білу қажет болады.

Объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар туралы оларға деген қатынас сөздердің мағынасында көрінуі кейде тілде антонимия құбылысын тудырады. Яғни сөздің мағынасы қатынасты, белгіні және әрекетті бейнелегенде, ол екінші осы сияқты бейнелеуге ие сөздің мағынасына қарама-қарсы болады. Адам объективті әлемдегі заттар, құбылыстар мен қатынастарды сөзбен бейнелегенде, өзін қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстарға мұқият қарайды, оның өзі үшін пайдалы немесе пайдасыз, қажет немесе қажет емес екендігін де есепке алады. Заттар мен құбылыстарды түсіну негізінде қоғамдық тәжірибе жатыр. Адам өзін қоршаған объективті әлемдегі зат, құбылыс және олардың арасындағы салыстырмалы қатынасты да сөзге жүктейді.

Байқағанымыздай, антонимдердің пайда болуына бірнеше фактор әсер етеді. Олардың біріншісі, бізді қоршаған объективті әлемдегі заттар мен құбылыстар арасындағы қатынас сөз арқылы бейнеленгенде пайда болады. Мысалы, дүниедегі барлық нәрсе бір-бірімен тең емес, олардың бірі үлкен, екіншісі оған қарағанда кіші, бірі биік болса, екіншісі аласа, бірі кең болса, екіншісі тар. Міне, осы қатынастар тілде үлкен және кіші, биік және аласа, тар және кең сөздер арқылы көрініс табады.

Антонимияның пайда болуы үшін объективті әлемдегі заттар мен құбылыстар арасында үнемі қарама-қарсы қатынастың болуы міндетті емес. Антонимдердің сыңарлары болған сөздерде тілдегі барлық сөздер сияқты жалпылаушылық қасиет күшті болады. Яғни объективті дүниедегі заттар арасындағы қатынас адам санасында талданады, салыстырылады. Міне, осы салыстыру негізінде санамызда оларды бір-біріне қарама-қарсы қоямыз. Тіл біліміндегі соңғы бағыттар – антропоцентристік көзқарас тұрғысынан зерттеуге үлкен көңіл бөлуде. Осы бағыттағы зерттеулерде айтылған пікірлер бойынша ғаламның негізінде, орталығында адам тұрады. Ол өзін қоршаған объективті әлемді қалай қабылдайды, оның санасында әлемнің тілдік бейнесі қалай көрініс табады, осыған байланысты прагматикалық, лингвомәдениеттанулық зерттеулер пайда болуда.

Объективті әлемдегі заттар арасында көлемдік қатынас болады. Көлемі үлкен затты үлкен сөзі бейнелейді, көлемі кіші затты кіші сөзі негізінде бейнелейміз. Бірақ көлемі үлкен зат (мысалы, үлкен жұлдыз, үлкен өзен) көлемі кіші затқа (мысалы, кіші жұлдыз, кіші өзен) қарама-қарсы емес, олар бірін-бірі жоққа шығармайды. Тіпті, олардың арасында қажетті байланыс бар. Бірақ адамның санасы олардың арасындағы және осыған ұқсас басқа да заттар арасындағы айырмашылықты жалпылайды. Міне, осы қатынастарды салыстыру нәтижесінде қарама-қарсы түсінік пайда болады. Ал ұғым сөз арқылы жүзеге асады, жүзеге асады, нәтижесінде үлкен және кіші сияқты антоним пайда болады. Жарық және қараңғы, ыстық және суық, жұмсақ және қатты, алыс және жақын сияқты антонимдер де осы негізде пайда болған антонимдер деп есептеуге болады.

Екіншіден, жоғарыда көрсеткеніміздей, адам сөздің мағынасына өзінің жеке көзқарасын қосуы, әсіресе ежелгі дәуірлерде табиғи құбылыс болып саналады. Бұл адамның психикалық ерекшелігінен туындайды. Адам өзі жүзеге асырған заттар мен құбылыстарға жағымды немесе жағымсыз, жақсы немесе жаман көзқараста болатыны белгілі. Міне, осы субъектінің объектіге деген қатынасы сөзбен бейнеленуі мүмкін. Нәтижесінде пайда болған жағымды немесе жағымсыз, жақсы немесе жаман қарым-қатынасты бейнелейтін мағыналы сөз антонимдерді құрайды. Мысалы, *ақылды – ақымақ, сұлу – сұрықсыз, ұятты – ұятсыз, жомарт – сараң* т.б.

Осылайша, антонимдердің пайда болуында логикалық және психологиялық факторлар маңызды қызмет атқарады. Бұл жағдай логика мен психологияның тіл білімімен тығыз байланысын білдіреді.

Ұғым логикалық категория ретінде тілдік материалдар негізінде қалыптасады, сөздің мағынасы да ұғыммен байланысты дамиы. Бұл байланыс әсіресе тілдегі антоним сөздерде айқын көрінеді. Себебі, жоғарыда көрсеткеніміздей, антонимдер зат пен құбылысқа, олардың белгілері мен әрекеттеріне адамның қатынасы қандай екенін көрсететін сөздер болып табылады. Бұл қатынас салыстыру сияқты логикалық категорияларда көрініс табады. Логикалық категория жалпы адамзатқа тән болғандықтан, оны бейнелейтін антонимияда да әмбебап қасиеттер жинақталған. Ұғым тілден тыс өмір сүрсе де, әр тілдің сөздік құрамының дамуында белгілі бір орны болады. Осылайша, ұғымның жалпыадамзат тіліне тән екендігі генетикалық тұрғыдан туыс емес тілдерде де бірдей антонимдік қатарлардың пайда болуына әкеледі. Логикалық категория болған ұғым әр түрлі тілдерде әр түрлі дыбыстық материал негізінде жүзеге асады. Мысалы, қарақалпақ тіліндегі *жақсы* және *жаман* антоним қатары, өзбек тілінде *яхши* және *ёмон* түрінде, орыс тілінде *хороший* және *плохой* түрінде антоним қатарын құрайды. Бұл семантикалық құбылыс жалпы сипатқа ие екенін көрсетеді. Антонимия тілдік құбылыс ретінде логикалық категориялармен байланысты екенін келесі жағдайда да көруге болады. Егер антонимдік жұптардың сыңарларының бірі көнерген сөзге айналса, онда оның орнын басқа бір сөз басады.

Соңғы уақытта жазылған ғылыми еңбектерде антоним терминінің формасы, семантикасы және қызметі бойынша дәстүрлі түсінік оның әртүрлі мәтіндік нұсқаларын толық қамти алмайтынын көрсетеді. Соған байланысты соңғы зерттеулерде антонимиялық оппозиция, антонимиялық құбылыс терминдері қолданылады.

Антонимия құбылысының семантикалық аспектісіне басты назар аударып, антонимдердің контекстік формаларын зерттеуде антонимиялық оппозиция терминін қолданған жөн. Біздіңше, антоним бұл тілдің бірлігі, ал антонимиялық оппозиция сөйлеудің бірлігі. Антонимиялық оппозицияның негізгі ерекшелігі семантика, форма және қызметтерінің әртүрлілігі, стандартты еместігі. Тілдегі антонимдер көркем сөз шеберінің ой-пікірін баяндауда мәтіндік кеңістікте бұрынғы қалыптасқан шеңберден шығып, әдеттегіден өзгеше қолдану мүмкіндігіне ие болады, мағынаны байытады және антонимиялық оппозицияны тудырады.

Антонимиялық оппозиция – бұл кең мағыналы термин, антонимияның негізгі белгісі болып табылатын қарама-қайшылық пен қарсы қоюды білдіреді, өз ішіне сөз – антонимдер, сөйлем – антонимдер, сөз тіркесі – антонимдер және көлемді мәтіндердегі диктемалардың мәтіндегі қатынасын көрсетеді.

Кейбір антонимдердің семантикалық құрылымы толығымен қарама-қарсы синонимдерден пайда болса, кейбір антонимдердің семантикалық құрылымының кейбір лексикалық мағынасы қарама-қарсы синонимдерден тұрады. Осындай жағдайларға байланысты антонимияны екі позициядан жіктеу тәжірибесі кездеседі:

1. Сөздердің өзара қарама-қайшылығы лексикалық мағыналарына қарай жіктеледі;
2. Сөздердің өзара қарама-қарсы лексикалық мағыналарының стилистикалық бояуға ие болуына қарай жіктеледі.

Антонимдердің компоненттері полисемантикалық сөз болуы да, моносемантикалық сөз болуы да мүмкін. Антоним сыңарлары болған сөздердің көп мағыналылығы осы сөздердің өзара барлық лексикалық мағыналарымен де, немесе жеке лексикалық мағыналарымен де қарама-қарсы болуы үшін мүмкіндік береді. Антонимдердің сыңарлары болған сөздер осындай өзара қарама-қарсы лексикалық мағыналарына қарай екі түрге бөлінеді:

1. Жалғауларының лексикалық мағынасы қарама-қарсы антонимдер, яғни абсолютті антонимдер;
2. Компоненттерінің кейбір лексикалық мағынасы қарама-қарсы болған антонимдер.

Абсолютті антонимдердің компоненттері болған сөздер өзінің лексикалық мағынасы өзара қарама-қарсы болып келеді. Мысалы, *қымбатшылық-арзанишылық, жақсылық-жамандық, бұрын-соң, ерте-кеш, шын-өтірік, ақ-қара* антонимдері абсолютті антонимдер. Себебі мұндай антонимдердің әр түрі моносемиялық сөздерден тұрады, яғни сөздерде тек бір ғана моносемантикалық өзара қарама-қайшылық болғандықтан олар антонимдерді пайда етіп тұр. Антоним сыңарлары болған сөздер өзара абсолютті қарама-қарсы семантикаға ие.

Абсолютті антонимдердің компоненттері моносемантикалық сөздерден де, сондай-ақ полисемантикалық сөздерден де болуы мүмкін. Осыған байланысты абсолютті антонимдер екі түрге бөлінеді:

- а) моносемантикалық абсолютті антонимдер;
- ә) полисемантикалық абсолютті антонимдер.

Моносемантикалық абсолютті антонимдердің сыңарлары бір мағыналы сөзден тұрады. Оған жоғарыда мысалдар келтірілді. Ал полисемантикалық абсолютті антонимдердің сыңарлары көп мағыналы сөз болады. Антоним сыңарлары болған көп мағыналы сөздердің барлық лексикалық мағыналары өзара антонимиялық қатынаста болуы мүмкін, яғни антонимнің бір сыңары бірнеше мағынаға ие болса, екіншісі де дәл осындай мағыналарға ие болады және олардың әрқайсысы өзара қарама-қарсы түрде болады. Мысалы, қуатты және әлсіз антонимінің әрбір сыңары үш лексикалық мағынаға ие, яғни қуатты сөзінің әрбір лексикалық мағынасына қарама-қарсы лексикалық мағына әлсіз сөзінің семантикалық құрылымында жинақталған.

1. *Күшті* сөзінің «*күші көп*» мағынасына, *әлсіз* сөзінің «*күші аз*» лексикалық мағынасы қарама-қарсы жағдайда. Мысалдар: *Күштісі әлсізін итеріп тастап, Сулылар сусызға шық тамызбайды* (И.Юсупов). *Күшті алады, әлсіз қалады, біреуді-біреу аяп тұрған жоқ* (Ш.Сейітов).

2. *Күшті* сөзінің «*берік*», «*төзімді*» лексикалық мағынасына, *әлсіз* сөзінің «*бос*», «*морт*» лексикалық мағынасы қарама-қарсы болады. Мысалдар: *Өгізің күшті болмаса мұнша тыңайтқыш төгу қайда* (Қарақалпақ халық ертегісі). *Өзінің әлсіздігі үшін өзін-өзі сөгіп, өзін үлкен емес, жай ғана бір жәндіктің қараңғылығында көре алады* (Ш.Сейітов).

3. *Күшті* сөзінің «*бай*» лексикалық мағынасына, *әлсіз* сөзінің «*резервтері жоқ*» лексикалық мағынасы қарама-қарсы жағдайда болады. Мысалдар: *Күшті мемлекеттен күшті азаматтық қоғамға айналу басты мақсатымыз* (Газеттен). *Күшті шаруашылықтардың өз тәрбиесіне алған балалары бұл есепке кірмейді* (Р.Файзи). *Күштілер әлсізді қақпайлап шетке, Қой дерге қожа жоқ деген осы да* (И.Юсупов).

Қарақалпақ тілінде сыңарлары көп мағыналы сөздердің барлық мағыналары өзара қарама-қарсы болуы онша көп кездеспейді. Дегенмен, мұндай антонимдер біздің тілімізде қолданылады.

Қарақалпақ тілінде *жуан мен жіңішке, пайда мен зиян, күнә мен сауап* сияқты антонимдер де өзара бірден артық лексикалық мағынасы бойынша абсолютті жағдайда қарама-қарсы. *Жуан-жіңішке* антонимінің әрбір сыңары үш мағынаға ие болып, барлық лексикалық мағыналары бойынша антонимиялық қатынаста болады. *Жуан* сөзі «кең» лексикалық мағынасы мен «ені кіші» лексикалық мағынасындағы *жіңішке* сөзіне антоним болады. Мысалдар: *Білегі жуан біреу әр жолыққанда, созған қолымды қорқа-қорқа аламын, қолымды ауыртып қысып тұрғанда, Білімі жіңішкелігін сезіп қаламын* (И.Юсупов). *Міне содан бері оның қоржыны жуандап, алдынан кесе өткенге ауыз салып жүр* (К.Сұлтанов). *Белі жіңішке, жауырыны кең, қалаған киім белін буса жарасып та сала береді* (Ш.Сейітов).

Жуан сөзінің «*семіз*» лексикалық мағынасы *жіңішке* сөзінің «*арық*» лексикалық мағынасына қарама-қарсы болады. Мысалдар: *Тереңге кеткен жуан тамыр, Жіңішкеріп созылса да берік* (И.Юсупов). *Өздері біздердің еңбегімізді сорып, жуан қарын бай болайын деп тұр* (К.Сұлтанов). *Жолаушы аузына нәр тигенін байқап, әуелі тамсанды,*

сосын біреу тартып алатындай жіңішке саусақтарымен кесенің ернеуін мықтап ұстады, қолы - дір-дір (Ш.Сейітов).

Жуан сөзінің «төмен», «дөрекі» лексикалық мағынасы жіңішке сөзінің «жоғары», «өткір» лексикалық мағынасына қарама-қарсы болады. Мысалдар: *Дүниеге айқай салып шырлаған жуан дауыс басылған соң, аңдып жүрген Қанигүл апай апамның қасына келген* (Ж.Аймурзаев). *Айқыздың сыңсыған толқынды жіңішке даусы әлемді басына көтергендей болды* (А.Бегимов).

Пайда мен зиян антонимі де екі лексикалық мағыналы сыңарлардан құралған болып, бірінші сыңардың «кіріс» лексикалық мағынасына екінші компоненті «шығыс» лексикалық мағынасы қарама-қарсы болады. Мысалдар: ... *бір теңге үшін көмейге су бүркіп айтысқанда, қалтасына түсетін пайдасы жоқ* (Т.Қайыпбергенов). *Піреке қарт дөңгелектен пайда көремін деп зиян көрді* (Ж.Аймурзаев). *Бір пайда-пайда, Екі пайда қайда* (қ.қ.н-м). *Зиян шеккен жалғыз сенің ғана емес* (Ш.Сейітов).

Пайда сөзінің «дауа» лексикалық мағынасына зиян сөзінің «залал» лексикалық мағынасы қарама-қарсы болады. Мысалдар: *Алла-тағала шипасын берсе пайдасы тиеді* (Ш.Сейітов). *Достар досқа зиян етпеңдер, опасызды пана етпеңдер* (Бердах).

Сауап, күнә антонимдері де екі лексикалық мағынаға ие болып, олар өзара антонимиялық қатынаста болады. Мысалы, *сауап* сөзінің «қайырлы іс» мағынасына, *күнә* сөзінің «айып» мағынасы антоним болады. *Сауап* сөзінің «жақсылық» мағынасы, *күнә* сөзінің «жамандық» мағынасына антоним болады. Мысал: *Істегенсіз елге сонша сауап іс, Бірақ та, бірақ та соңғы кездері, Жүріңсіз бір талай күнә арқалап* (Т.Мәтмұратов).

2. Антонимдердің компоненті болған сөздер кейбір лексикалық мағынасымен де өзара қарама-қайшы болады. Мысалы: *жуан* және *жіңішке* сөздері тек генетикалық мағыналарымен антоним сыңарлары бола алады. *Қалың* сөзінің «жақын», «қадірлі» лексикалық мағынасына *жұқа* сөзінің лексикалық мағыналарының ешқайсысы антонимиялық қатынас жасай алмайды. *Қалың* сөзінің бұл лексикалық мағынасына көп мағыналы ұзақ сөзінің «көз таныс» лексикалық мағынасы антоним болуы мүмкін. Мысал: *Мұратбайдың ең қалың досы Генжемұрат та соғысқа кетті* (Газеттен).

Көп мағыналы *қалың* сөзі «тығыз» мағынасымен *сирек* сөзіне антоним болады. Мысалдар: *Қалың шаттық арасынан, мөлдіреп көз жасын бұлап* (И.Юсупов). *Майдың аяғы болса да балалар шомылғанмен бірлі-жарым іші қызғаны болмаса үлкендердің суға түсуі сирек* (Ш.Сейітов). *Арнаның қалың бояндық жапқан тұсынан жарып шықты* (Ш.Сейітов). *Сирек сақалдары өзіне тым жарасымсыз* (Н.Бөрекешов).

Сонымен, генетикалық мағынасымен антоним сыңарлары болған көп мағыналы *жуан* және *жіңішке* сөздері ауыспалы мағынасымен антонимдерді құрамаған және ауыспалы арқылы басқа сөздермен антоним болған. Міне, осы жағдайларға байланысты кейбір лексикалық мағыналары қарама-қарсы антонимдерді екі түрге бөлуге болады: 1) генетикалық антонимдер және 2) туынды антонимдер.

Генетикалық антонимдер сөздердің ауыспалы мағынасынан тәуелсіз, генетикалық мағынасы өзара қарама-қарсы болған антонимдер. Қарақалпақ тілінде мұндай антонимдер көптеп кездеседі. *Жақсы-жаман, ащы-тәтті, жоғары-төмен* антонимдері сөздердің генетикалық мағынасының қарама-қайшылығына негізделген. Олардың ауыспалы мағыналары қарама-қарсы болуы да, болмауы да мүмкін.

Туынды антонимдер сөздердің генетикалық мағынасы емес, ал кейбір басқа мағынасы өзара қарама-қарсы болған антонимдер. Сөздердің ауыспалы мағыналары өзара қарама-қарсы антонимияның пайда болуы қарақалпақ тілінде өте кең таралған құбылыс емес. Қарақалпақ тіліндегі антонимдердің синонимдері экспрессивті-стилистикалық бояуларға ие болуы немесе болмауына байланысты да екіге бөлінеді:

- а) экспрессивті-стилистикалық бояуға ие емес антонимдер;
- ә) экспрессивті-стилистикалық бояуға ие антонимдер.

Экспрессивті-стилистикалық бояуға ие емес антонимдер сыңарларының мағыналары бейтарап болады. Мысалы, *ащ және тоқ, жылдам және баяу, жұп және тақ* және т.б.

Қарақалпақ тілінде антонимдерді құрайтын сөздердің көпшілігі бейтарап лексикалық мағыналы сөздер. Себебі бейтарап лексикалық мағыналы сөздер ауызша және жазбаша сөйлеудің негізін құрайды. Мұндай сөздерсіз ауызша немесе жазбаша байланыс жасау қиын. Экспрессивті-стилистикалық бояуға ие емес антоним сыңарлары бейтарап лексикалық мағыналы болғандықтан ауызекі сөйлеу үдерісінде де, жазба стильдің барлық түрлерінде де кеңінен қолданылады. Мысал: *Қытай, Қоңырат бұлар бүлінді, Достар жылап дұшпан күлді* (Бердах).

Экспрессивті-стилистикалық бояуға ие емес антонимдер зат есім, сын есім, үстеу және етістік сөздерден құралады. Экспрессивті-стилистикалық бояуға ие антоним сыңары болған сөздің лексикалық мағынасы сөйлеушінің өзі білдіріп отырған ойға қатынасын көрсетеді.

Қорытынды

Антонимге негіз болған лексикалық мағына объектіні бейнелеумен қатар, объектіге субъектінің қатынасын да білдіреді. Бұл субъективті көзқарас субъективті баға болуы да, стильдік ерекшелікті көрсетуі де мүмкін. Соған байланысты экспрессивті-стилистикалық бояуға ие антонимдер екі түрге бөлінеді: а) субъективті бағалау мәніне ие антонимдер; ә) стилистикалық бояуға ие антонимдер.

Субъективті бағалау да екі түрлі болады. Сондықтан да субъективті бағалау бояуына ие антонимдер сыңарларының бірі жағымды, екіншісі жағымсыз бояуға ие болады. Мысалы, ауыспалы мағынада қолданылған жақсы-жаман антонимі. Мысалы, *Жаманнан қаш, Жақсыға жантас. Жақсының барсаң қасына, Бері кел деп шақырар, Жаманның барсаң қасына, Аш жолбарыстай ақырар* (Қарақалпақ халық мақал-мәтелдері).

Кейбір антонимдердің компоненттері стильдік тұрғыдан шектелген болады. Сондықтан оларды стилистикалық бояуы бар антонимдер деп санауға болады. Бердақтың "Хорезм" поэмасындағы *«Кейде ашық, кейде жасырын»* деген өлең жолындағы ашық және жасырын сөздері көркем әдебиет стиліне тән антонимдер.

Әдебиеттер тізімі

1. Мардиева Л.А. Виртуальная действительность в языковой и внеязыковой репрезентации (на материале медиатекстов). Автореф. дисс... докт. филол. Наук – Казань, 2016. С. 25.
2. Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – Москва: Логос, 1933. С. 76.
3. Раджабов Н.Н. Фонема назариясининг Прага фонология мактаби талқинида ўзига хослиги // Vol. 44 No. 2 (2024): Journal of new century innovations | www.newjournal.org | Volume-44 | Issue-2
4. Комиссаров В.Н. Словарь антонимов современного английского языка. – Москва: Междунар. отношения, 1964. С. 18.
5. Хабибов Л.Г. Структурно-семантические особенности антонимов в татарском языке. тема диссертации и автореферата по ВАК РФ 10.02.02, кандидат филологических наук Хабибов, Лутфулла Гайфуллович 1984 г., 250 с
6. Хожанов Ш.Б. Фразеологиялық антонимлер. //ҚМУ «Хабаршы». –Нөкіс: 2010. –№1-2. –Б.99-100.
7. Залипаева Ж.П. Национально-культурная ценность фразеологии в процессе познания ментальности народа // Лингвокультурологические исследования развития русского языка в условиях полиэтнической среды: опыт и перспективы: тр. и матер.: в 2 т. / под общ. ред. Е.А. Горобец, О.Ф. Жолобова, М.О. Новак. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2018. – Т. 1. с. 53.
8. Алиева С.А., Рыскалиева Г.К., Калкабева Г.У. Антонимы в казахских антропоцентрических пословицах. // Современная наука: традиции и инновации. Сборник научных статей по итогам V Всероссийского молодежного конкурса научных работ с международным участием. Волгоград, 2022. С. 119.

9. Хакимова Ф. Изучение антонимии в русском и узбекском языках // Академические исследования в современной науке. Том 3 № 15 (2024) URL: <http://econferences.ru/index.php/arims/article/view/15194>
10. Реформатский А.А. Введение в языкознание. — Москва: Государственное учебно-педагогическое издательство Министерства просвещения РСФСР, 1960. С. 200-212.
11. Шхапацева М.Х., Пазова Л.М. Антонимы, антонимия, антонимическая парадигматика в русском языке // «Вестник» АГУ, вып. 3 (164), 2015. С. 92.
12. Поддячая И.А. Семантическая организация фразеологизмов-антонимов качественно-обстоятельного класса русского и английского языков // Вестник ЧГПУ, 2009, №4. С. 248.
13. Каргина Е.М. Антонимия в немецком языке: семантические, функциональные и словообразовательные особенности // Филологические науки. Вопросы теории и практики Тамбов: Грамота, 2016. № 9(63): в 3-х ч. Ч. 3. С. 106-109.
14. Новиков Л.А. Русская антонимия и её лексикографическое описание.// Львов М.Р. Словарь антонимов русского языка. — Москва: Рус. яз., 1984. С. 7.

Ш. Б. Ходжанов*

Фил. д. н., профессор, Каракалпакский государственный университет, Нукус, Каракалпакстан

*Автор для корреспонденции: x_sharapatdiyn@karsu.uz

МЕСТО АНТОНИМИИ В СИСТЕМЕ ЯЗЫКА

Аннотация

В статье исследуется явление антонимии на различных уровнях языка (фонетико-фонологическом, морфологическом, синтаксическом, лексико-семантическом). Анализируются основные теоретические аспекты антонимии, её логические, лингвистические и психологические основы. Опираясь на труды таких лингвистов, как Фердинанд де Соссюр и Н. Трубецкой, раскрываются оппозиционные отношения и противопоставления языковых единиц. Изучается происхождение антонимов, их семантическая структура, функция в тексте и смысловая роль в контексте. Кроме того, рассматривается формирование антонимии в сознании человека, влияние экстралингвистических факторов и её место в качестве языковых универсалий. Статья способствует широкому пониманию антонимии и её применению в различных областях языкознания. В исследовании использованы синхронический и диахронический анализ, фонологический, морфологический, синтаксический и лексико-семантический методы. Роль и значение антонимических оппозиций в тексте четко обозначены. В данном исследовании явление антонимии анализируется на примерах из произведений каракалпакских писателей и поэтов. В статье исследуется возникновение антонимов в каракалпакской литературе, их семантическая структура и функция в тексте. Наглядно показано использование слов с противоположными значениями в произведениях, их эмоционально-экспрессивное воздействие и роль в заострении мысли.

Ключевые слова: антонимия, языковая оппозиция, семантика, лексика, морфология, синтаксис, фонология, логические отношения

Sh. B. Khozhanov*

Phil. doctor of science, professor, Karakalpak State University, Nukus, Karakalpakstan

*Corresponding author: x_sharapatdiyn@karsu.uz

THE PLACE OF ANTONYMY IN THE LANGUAGE SYSTEM

Abstract

The article examines the phenomenon of antonymy at various levels of language (phonetic-phonological, morphological, syntactic, lexical-semantic). The main theoretical aspects of antonymy, its logical, linguistic, and psychological foundations are analyzed. Drawing on the works of linguists such as Ferdinand de Saussure and N. Trubetskoy, the oppositional relationships and contrasts of linguistic units are revealed. The emergence of antonyms, their semantic structure, function in texts, and semantic role in context are studied. Additionally, the formation of antonymy in human consciousness, the influence of extralinguistic factors, and its place as a linguistic universal are considered. The article provides a

comprehensive understanding of antonymy and its application in various fields of linguistics. The research employed synchronic and diachronic analysis, as well as phonological, morphological, syntactic, and lexico-semantic methods. The role and significance of antonymic oppositions in texts are clearly demonstrated. In this study, the phenomenon of antonymy is analyzed through examples taken from the works of Karakalpak writers and poets. The article examines the occurrence of antonyms in Karakalpak literature, their semantic structure, and function in texts. The use of words with opposite meanings in literary works, their emotional-expressive effect, and their role in sharpening thoughts are clearly illustrated.

Keywords: antonymy, linguistic opposition, semantics, lexicon, morphology, syntax, phonology, logical relations

Хат алмасуға жауапты автор туралы мәліметтер

Хожанов Шарапатдин Балтаниязович – филология ғылымдары докторы, профессор, Қарақалпақ мемлекеттік университеті, Нөкіс, Қарақалпақстан
Корреспондент авторы: x_sharapatdiyn@karsu.uz

Сведения об авторе, ответственном за переписку

Хожанов Шарапатдин Балтаниязович – доктор филологических наук, профессор, Каракалпакский государственный университет, Нукус, Каракалпакстан
Автор-корреспондент: x_sharapatdiyn@karsu.uz

Information about author

Khozhanov Sharapatdin Baltaniyazovich – Doctor of Philological Sciences, Professor, Karakalpak State University, Nukus, Karakalpakstan
Author-correspondent: x_sharapatdiyn@karsu.uz